Автор: Қожақова Шынасыл Даулетиярқызы
Пән: Көркем еңбек
Сынып: 4-сынып
Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау
Тақырып: Табиғат біздің үйіміз Қоршаған ортаға қауіп төнуде!

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.1.3.1 әртүрлі орындау техникасын үйлестіре отырып, шығармашылық идеялары мен сезімдерін (көңіл-күйі, мінезі) көрсету 4.1.4.1 жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру және жұмыс барысын жоспарлау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: түрлі өнер туындыларының ерекшеліктерін түсіндіре алады. Көптеген оқушылар: Шығармашылық жұмыстарын орындай алады. Кейбір оқушылар: Жасаған жұмысын қорғайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминдер Диалогқа/ жазуға пайдалы сөз тіркестер қатары Онда келесілер қарастырылған: Суретші, қоршаған орта, табиғат. Мысалы (тілдік мақсатқа байланысты): Талқылау үшін сұрақтар: • Қандай бейне суреттерді көрдіңдер? • Бұл суреттер біздің заманымызға дейін қалай сақталған деп ойлайсыздар? • Бұл жұмысты орындау үшін қандай материалдар мен техникаларды қолданған?
Бағалау критерийлері:	Оқушылар жаңа білім мазмұны бойынша пікір білдіреді, жұмысты түрлендірудің тәсілдерін ұсынды, түрлі бұйымдарды талқылайды, дағдыларын дамытып, білімдерін кеңейтеді. Түрлі техникаларды қолданады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;
Пәнаралық байланыс:	Математика, жаратылыстану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.
Бастапқы білім:	2-тоқсанда алған білімдерін тиімді қолданады.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**
Сабақтың басы	(Ұ) «Сиқырлы қапшық» Қапшыққа салынған саны бірдей қызыл,сары,жасыл шариктер таңдап алуды ұсынамын. Осы түстер бойынша оқушыларды 3 топқа бөлемін: 1-топ: «Мергендер» (қызыл түсті) 2-топ: « Ептілер » (сары түсті) 3-топ: « Жүйріктер» (жасыл түсті) Шаттық шеңбері Дене мүшелерімен амандасу (көзбен, қол алысып, құлақпен, аяқпен амандасу) Мұғалім: — Екі көз не үшін керек? Оқушы: — Жақсыларды көру үшін. Мұғалім: — Екі құлақ не үшін керек? Оқушы: — Ақыл – кеңес тыңдау үшін. Мұғалім: — Екі қол не үшін керек? Оқушы: — Елге көмек беру үшін. Мұғалім: — Екі аяқ не үшін қажет? Оқушы: — Шетте жүрсең, Туған жерге жету үшін Мұғалім: — Ал басың не үшін керек? Окушы: — Бәрін-бәрін ойлау үшін. Дұрыс балалар, олай болса мен сендердің құлақтарың, көздерің, қолдарың мен аяқтарыңа саулық тілеймін. Жұмыс ережесін келісу Алдыңғы білімді еске түсіру (жеке,жұпта,топта, ұжымда) (Ұ) «Допты қағып ал» тәсілі бойынша сыныпқа сұрақтар қоямын. ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау. Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер. Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары
Сабақтың ортасы	Табиғат біздің үйіміз Қоршаған ортаға қауіп төнуде! Дескрипторы: Тапсырманы дұрыс ережеге сай орындайды. (Т) «Фишбоун» әдісі Оқушылар берілген жоспар бойынша фишбоун кестесін толтырады (таңдау бойынша)	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Белсенді оқу тапсырмалары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ой толғаныс кезеңі. Табиғат біздің үйіміз Қоршаған ортаға қауіп төнуде!	Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.
Рефлексия	Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) «Ұстазға хат» кері байланыс.	